

	Қазақстан–Американдық еркін университеті	Күні 13.05.2026 ж.
	ҚАЕУ-дің ПОҚ лауазымдарын конкурстық тағайындау ережелері 11 беттен 1 бет	СІҚЖ Редакция 3

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН–АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТІЛДІ»
ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімі
№ 9 хаттама. «13» 05 2026 ж.

Мәмбетқазиев



**ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН
КОНКУРСТЫҚ ТАҒАЙЫНДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

	Қазақстан–Американдық еркін университеті	Күні 13.05.2026 ж.
	ҚАЕУ-дің ПОҚ лауазымдарын конкурстық тағайындау ережелері 11 беттен 2 бет	СІҚЖ Редакция 3

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР	3
2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
3. УНИВЕРСИТЕТТЕ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ	4
4. КОНКУРС КОМИССИЯСЫН ҚҰРУ	4
5. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ	5
6. КОНКУРС БОЙЫНША ТАҢДАУ ТӘРТІБІ	6
7. ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ	7
ҚОСЫМША	

	Қазақстан–Американдық еркін университеті	Күні 13.05.2026 ж.
	ҚАЕУ-дің ПОҚ лауазымдарын конкурстық тағайындау ережелері 11 беттен 3 бет	СІҚЖ Редакция 3

1. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Ережелерді дайындауда қолданылған нормативтік құжаттар:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-III Заңы;
2. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қазандағы Министрдің № 595 бұйрығына 5-қосымшаға сәйкес Жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік ережелер (2023 жылғы 2 тамыздағы № 379 өзгерістер мен толықтырулармен);
3. Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларды растайтын құжаттар тізбесі. Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 8 қаңтарда № 33892 тіркелді;
4. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;
5. ҚАЕУ Кадрлық саясаты;
6. ҚАЕУ педагогика қызметкерлері және оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарына қойылатын біліктілік сипаттамалары.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Ережелер университеттің штат кестесінде көзделген ҚАЕУ профессор-оқытушылар құрамы лауазымдарын конкурстық негізде атқару тәртібін айқындайды.

2.2. ҚАЕУ-де профессор-оқытушылар құрамының лауазымдары конкурс негізінде тағайындалады.

2.3. Профессор-оқытушылар құрамына келесі лауазымдар жатады: профессор, қауымдастырылған профессор, аға оқытушы, оқытушы.

Ғылыми қызметпен айналысатын профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына келесілер кіреді: аға оқытушы-зерттеуші, қауымдастырылған профессор - зерттеуші, профессор-зерттеуші.

Университет жыл сайын штат кестесіне сәйкес профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымдарының санын айқындайды.

ҚАЕУ-дің профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына конкурсқа қатысу үшін жоғары немесе жоғары білімнен кейінгі білімге ие, ҚАЕУ педагогикалық қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік сипаттамаларына (ары қарай – біліктілік сипаттамалары) сәйкес келетін тұлғалар шақырылады.

Қауымдастырылған профессор лауазымдарына конкурсқа ғылыми атағы мен дәрежесі жоқ, бірақ ҚАЕУ-дің біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін мамандар қатыса алады.

ҚАЕУ-де спорт саласындағы қауымдастырылған профессор (доцент) лауазымдарына және профессор лауазымдарына конкурсқа ғылыми атағы мен дәрежесі жоқ, бірақ практикалық жұмыс тәжірибесі бар және осы мамандық бойынша мойындалған жетістіктері бар мамандар қатыса алады.

2.4. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қазанындағы № 595 Министрдің бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік ережелер» (өзгертулер мен толықтырулармен) 16-бөлімінің талаптарына сәйкес, университет жұмысқа қабылдау кезінде кандидаттардан талаптарды анықтау үшін ҚАЕУ

	Қазақстан–Американдық еркін университеті	Күні 13.05.2026 ж.
	ҚАЕУ-дің ПОҚ лауазымдарын конкурстық тағайындау ережелері 11 беттен 4 бет	СІҚЖ Редакция 3

қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік сипаттамаларын белгілейді, бұл Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 43-1-бабының 2) тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарын атқаруға арналған конкурсқа ҚАЕУ-ге алғаш рет жұмысқа қабылданатын тұлғалар, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамының неғұрлым жоғары лауазымын атқаруға үміткер ҚАЕУ-дің жұмыс істеп жүрген педагог қызметкерлері қатыса алады.

Профессор-оқытушылар құрамы оқу жылы ішінде конкурстан тыс тиісті лауазым бойынша міндетін атқарушы ретінде шартты түрде жұмысқа қабылдануы мүмкін. Келесі оқу жылында жұмысын жалғастыру үшін тиісті лауазым бойынша міндетін атқарушы тұлға осы Ережелерде белгіленген тәртіппен конкурстық іріктеуден өтуге тиіс.

2.5. Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарын қоса атқару бойынша атқаруға үміткер тұлғалар осы санаттағы үміткерлер үшін көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, тиісті оқу жылына осы Ережелерде белгіленген тәртіппен жыл сайын конкурстық іріктеуден өтеді. Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарын қоса атқару бойынша атқаруға үміткер тұлғалар үшін конкурстық іріктеудің жеңілдетілген рәсімі қолданылады.

3. УНИВЕРСИТЕТТЕ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ

3.1. ҚАЕУ-де профессор-оқытушылар құрамы лауазымының бос орны болған жағдайда, университет конкурс жариялау туралы хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда құжаттарды қабылдау аяқталуға дейін кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын орналастырады.

3.2. Конкурс өткізу туралы хабарлама келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымының атауы;
- 2) жоғары оқу орнының атауы, орналасқан жері, пошталық мекен-жайы, телефон нөмірі;
- 3) құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні мен уақыты;
- 4) конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар, біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталатын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа.

3.3. Бос лауазымдарға конкурсқа қатысуға өтініштер хабарлама жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қабылдануы тиіс.

4. КОНКУРС КОМИССИЯСЫН ҚҰРУ

4.1. Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарын тағайындауға арналған конкурстық комиссияның (бұдан әрі – конкурстық комиссия) саны, жеке құрамы және өкілеттік мерзімі ағымдағы оқу жылына белгіленіп, ҚАЕУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.2. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

- 1) барлық үміткерлерге конкурсқа қатысу үшін тең мүмкіндік беру;
- 2) конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- 3) конкурстың ашықтығы мен объективтілігін сақтау бақылауын жүзеге асыру;
- 4) конкурстық комиссия отырыстарының кестесін белгілеу;
- 5) конкурстық құжаттаманы сараптау;

	Қазақстан–Американдық еркін университеті	Күні 13.05.2026 ж.
	ҚАЕУ-дің ПОҚ лауазымдарын конкурстық тағайындау ережелері 11 беттен 5 бет	СІҚЖ Редакция 3

6) конкурс нәтижелері бойынша шешім шығару.

4.3. Конкурстық комиссия келесі құрамда құрылады:

- 1) конкурстық комиссия төрағасы – Бірінші вице-президент;
- 2) конкурстық комиссия төрағасының орынбасары – жоғары оқу орны басшысының орынбасары (проректор), құрылымдық бөлімше басшысы;
- 3) конкурстық комиссия хатшысы – университеттің штаттық қызметкері;
- 4) конкурстық комиссия мүшелері – кемінде үш адамнан тұратын құрам (университеттің штаттық оқытушыларынан, персоналды басқару бөлімінің басшысынан).

5. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ

5.1 ҚАЕУ-да оқытушы, аға оқытушы, қауымдастырылған профессор, профессор лауазымдарына үміткер тұлғалар ҚАЕУ ректорының атына (еркін түрде) өтініш жазады. Өтінішке ҚАЕУ педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдық біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін келесі құжаттар қоса тіркеледі:

- 1) жоғары білім, академиялық және ғылыми дәрежелер туралы дипломдардың көшірмелері, ғылыми атақ туралы құжат және түпнұсқалары – салыстыру үшін;
- 2) қайта даярлау және біліктілікті арттыру сертификаттарының көшірмелері (бар болған жағдайда) және түпнұсқалары – салыстыру үшін;
- 3) ғылыми еңбектер мен өнертабыстар тізімі (бар болса) (растайтын құжаттардың сканерленген нұсқалары қоса тіркелуі қажет);
- 4) профессор-оқытушылар құрамы, өзге де педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар, ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарына үміткердің презентациясы (электронды түрде, көлемі 10 слайдтан аспауы тиіс);
- 5) түйіндеме.

5.1.1. Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарын қоса атқару бойынша атқаруға үміткер тұлғалар үшін мынадай құжаттар тізбесі белгіленеді:

1. жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың, академиялық және (немесе) ғылыми дәрежесі туралы құжаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда немесе олардың болуы тиісті лауазымға қойылатын біліктілік талаптарында көзделген жағдайда), сондай-ақ көрсетілген құжаттардың салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары;
2. кәсіби және (немесе) педагогикалық тәжірибесін растайтын құжаттар, сондай-ақ ғылыми еңбектерінің тізімі (бар болған жағдайда), қажет болған жағдайда;
3. түйіндеме.

Бұрын ҚАЕУ-де жұмыс істеген және жеке ісінде өзекті құжаттары бар тұлғалар тек өтінішті, түйіндемені және алдыңғы конкурстық іріктеуден кейін мәліметтері өзгерген құжаттарды ұсынады.

5.2 ҚАЕУ-де аға оқытушы-зерттеуші, қауымдастырылған профессор-зерттеуші, профессор-зерттеуші лауазымдарына үміткер тұлғалар ҚАЕУ ректорының атына еркін түрде өтініш жазады. Өтінішке келесі құжаттар және үміткерлерге қойылатын талаптар қоса тіркеледі:

	Қазақстан–Американдық еркін университеті	Күні 13.05.2026 ж.
	ҚАЕУ-дің ПОҚ лауазымдарын конкурстық тағайындау ережелері 11 беттен 6 бет	СІҚЖ Редакция 3

Аға оқытушы-зерттеуші лауазымына үміткер үшін:

Үміткер оқытушы немесе аға оқытушы лауазымын атқаруы және келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) соңғы бес жылда жарияланған кемінде бір мақала, бір монография және бір оқу құралы (растайтын құжаттардың, монография мен оқу құралының титулдық беттерінің сканерленген көшірмелерін қоса беру);

- немесе гранттық жобаға жетекшілік ету.

Қауымдастырылған профессор-зерттеуші лауазымына үміткер үшін:

Үміткер аға оқытушы немесе қауымдастырылған профессор лауазымын атқаруы және келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- соңғы 5 жыл ішінде басылымдар тізіміне енгізілген журналдарда жарияланған 5 мақала – растайтын құжаттардың сканерленген нұсқаларын қоса тіркеу қажет;

- соңғы 5 жыл ішінде халықаралық рецензияланатын журналда жарияланған кемінде бір немесе бірнеше мақала – растайтын құжаттардың сканерленген нұсқаларын қоса тіркеу қажет, үміткер аталған мақалалардың кемінде біреуінде бірінші немесе екінші автор болуы тиіс; жарияланған журналдың процентиі – 35.

Профессор-зерттеуші лауазымына үміткер үшін:

Үміткер қауымдастырылған профессор, профессор лауазымын атқаруы және/немесе уәкілетті орган тағайындаған доцент, қауымдастырылған профессор (доцент), профессор ғылыми атағына ие болуы, сондай-ақ Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыру шеңберінде іске асырылатын жобаның жетекшісі болуы тиіс. Сонымен қатар келесі талаптарға сай болуы қажет:

- соңғы 5 жыл ішінде ғылыми басылымдар тізіміне енгізілген журналдарда жарияланған кемінде 5 мақала – растайтын құжаттардың сканерленген нұсқаларын қоса тіркеу қажет;

- соңғы 5 жыл ішінде халықаралық рецензияланатын журналда жарияланған кемінде бір немесе бірнеше мақала – растайтын құжаттардың сканерленген нұсқаларын қоса тіркеу қажет, бұл мақалалардың кемінде біреуінде үміткер бірінші немесе екінші автор болуы тиіс; жарияланған журналдың процентиі – 35;

- соңғы 5 жыл ішінде халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған мақалалар;

- гранттық жобаның жетекшілігі.

Оқу жылының басында зерттеуші лауазымын иеленетін оқытушы ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ) бойынша жеке жоспарды толтыруы тиіс, онда орындалатын жұмыс түрлері, нақты мерзімі және орындалу формасы көрсетілуі қажет.

Жеке жоспардың орындалуы бойынша есеп беру жылына екі рет жүзеге асырылады (желтоқсан, маусым). Есеп келесі құрамдағы комиссия алдында тыңдалады: кафедра меңгерушілері, академиялық мәселелер жөніндегі проректор, ғылыми жұмыс және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жөніндегі проректор.

Белгіленген мерзімде конкурстың барлық шарттары толық орындалған жағдайда, үміткерге атқаратын лауазымына сәйкес төмендегі қосымша талаптарды орындау шартымен екінші жылға мерзімі ұзартылатын болады:

	Қазақстан–Американдық еркін университеті	Күні 13.05.2026 ж.
	ҚАЕУ-дің ПОҚ лауазымдарын конкурстық тағайындау ережелері 11 беттен 7 бет	СІҚЖ Редакция 3

— профессор-зерттеуші – 3 ҒЖБССҚК (немесе 1 ҒЖБССҚК және 1 [Scopus/Web of Science](#)) жариялауы тиіс;

— қауымдастырылған профессор-зерттеуші – 2 ҒЖБССҚК (немесе 1 [Scopus/Web of Science](#));

— аға оқытушы-зерттеуші – 1 ҒЖБССҚК және жеке авторлығында жарияланған 1 монография/оқу құралы.

Белгіленген мерзімде конкурстың шарттары толық орындалмаған жағдайда (жоспарланған жұмыс көлемінің 50%-дан астамы орындалған болса), комиссия шешімі бойынша үміткерге алдыңғы талаптарды және атқаратын лауазымына сәйкес төмендегі қосымша талаптарды орындау шартымен екінші жылға мерзімі ұзартылуы мүмкін:

— профессор-зерттеуші – 3 ҒЖБССҚК (немесе 1 ҒЖБССҚК және 1 [Scopus/Web of Science](#));

— қауымдастырылған профессор-зерттеу – 2 ҒЖБССҚК (немесе 1 [Scopus/Web of Science](#));

— аға оқытушы-зерттеуші – 1 ҒЖБССҚК және жеке авторлығында жарияланған 1 монография/оқу құралы.

Конкурстың шарттары мүлдем орындалмаған немесе толық емес орындалған жағдайда (жоспарланған жұмыс көлемінің 50%-дан аз болса), үміткерге екінші жылға мерзімі ұзартылмайды, осыған байланысты Еңбек шартына қосымша келісімге сәйкес үміткер келесі оқу жылында ғылыми-зерттеу жұмысының орындалмаған көлемін (конкурс талаптарына сәйкес қарастырылған аудиториялық сағаттарда) өтеуге міндетті.

Ғылыми қызмет бойынша жүктемені орындау талаптары 1-қосымшада көрсетілген.

5.3 5.1 және 5.2-тармақтарға сәйкес, құжаттар тізбесіне сәйкес толық емес құжаттар топтамасын ұсыну – өтінішті қабылдаудан және құжаттарды қараудан бас тартуға негіз болады.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (алдыңғы жұмыс орнындағы басшылықтан ұсыным хаттар және т.б.), сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.

5.4. Конкурсқа қатысу үшін құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде электрондық түрде ұсынылады.

5.5. Кейін конкурс комиссиясы оң шешім қабылдаған жағдайда, конкурсқа тапсырылған барлық үміткер құжаттары ҚАЕУ кадрлар бөліміне өткізіледі.

6. КОНКУРС БОЙЫНША ТАҢДАУ ТӘРТІБІ

6.1. Конкурс мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Университет профессорлық-оқытушылық құрамының бос лауазымдарына кандидаттардың өтінімдерін қарау;

2) осы Ережелерде көзделген нысандарда конкурстық іріктеуді өткізу;

3) Конкурс нәтижелерін қорытындылау.

6.2. Университет:

1) Конкурсты өткізу туралы шешім қабылдайды;

2) Конкурстың өткізілетін күнін және орнын анықтайды;

3) Конкурсқа қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдап, тіркеп, сақтайды;

4) Комиссияның отырысын ұйымдастырады.

	Қазақстан–Американдық еркін университеті	Күні 13.05.2026 ж.
	ҚАЕУ-дің ПОҚ лауазымдарын конкурстық тағайындау ережелері 11 беттен 8 бет	СІҚЖ Редакция 3

6.3. Конкурсқа қатысушылар – белгіленген құжаттарды қабылдау мерзімі көрсетілген күніне дейін қажетті құжаттарды ұсынған тұлғалар.

6.4. Профессорлық-оқытушылық құрамының бос лауазымдарына тағайындау конкурсы үміткерлердің қызмет нәтижелерін аналитикалық қорытындылау негізінде жүргізіледі. Бұл тестілеу және/немесе сұхбат, шығармашылық есептер, авторлық әзірлемелерді қорғау, практикалық тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады, сол арқылы педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдық біліктілік сипаттамаларына сәйкес білімдері тексеріледі.

Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарын қоса атқару бойынша атқаруға үміткер тұлғалар үшін конкурстық іріктеу ұсынылған құжаттарды қарау және қажет болған жағдайда кандидатпен әңгімелесу өткізу негізінде жеңілдетілген рәсім бойынша жүргізіледі.

6.5. Сұхбаттың мақсаты – үміткерлердің кәсіби және тұлғалық қасиеттерін «Педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдық біліктілік сипаттамалары» және университеттің ерекшеліктері негізінде бағалау.

6.6. Бұдан кейін конкурс комиссиясы бос лауазымдарды тағайындауға конкурс өткізуді ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды.

6.7. Конкурс комиссиясының шешімі, егер дауыс беру нәтижесінде оның кемінде 2/3 мүшесі қатысса, заңды болып табылады.

6.8. Кандидат оң шешім алғанда, комиссия мүшелерінің көпшілігі оны қолдаса, оның шешімі қабылданады. Егер дауыс беру кезінде тең нәтиже шықса, шешуші дауысты комиссия төрағасы береді.

Комиссияның ашық дауыс беру арқылы қабылдаған шешімі осы ережелерге сәйкес болса, соңғы шешім болып саналады.

6.9. Ашық дауыс беру нәтижелері бойынша конкурс комиссиясы хаттаманы қол қояды, онда «ректорға ұсынылады» немесе «ректорға ұсынылмайды» деген шешім жазылады. Бұл шешім жұмысқа қабылдау туралы келісім-шарт жасасу/лауазымға тағайындау туралы болады.

Комиссия хатшысы конкурсқа қатысушыларды нәтижелермен таныстырады.

6.10. Жұмысқа қабылдау келісім-шарты немесе лауазымға тағайындау конкурс комиссиясының отырыстары аяқталғаннан кейін және университет ректорының шешімінен соң жүргізіледі, бірақ 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

7. ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

7.1. Конкурсқа қатысушылар және оларға қатысты үміткерлер конкурс құжаттамасымен және комиссияның шешімдерімен танысуға құқылы.

7.2. Конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

	Қазақстан–Американдық еркін университеті	Күні 13.05.2026 ж.
	ҚАЕУ-дің ПОҚ лауазымдарын конкурстық тағайындау ережелері 11 беттен 9 бет	СІҚЖ Редакция 3

Қосымша 1

Лауазым	Бос лауазымдарға орналасу конкурсына қатысу талаптары	Оқу жылына талаптар * оқу жылы бойы біркелкі бөлінеді, бұл жеке жоспарда көрініс табады	ҒЗЖ мен ОӘЖ-нің пайыздық арақатынасы
аға оқытушы-зерттеуші	Үміткер оқытушы немесе жетекші оқытушы лауазымын атқаруы тиіс; Соңғы 5 жыл ішінде ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда жарияланған 1 мақаланың, 1 монографияның, 1 оқу құралының болуы немесе гранттық жобаға жетекшілік ету.	2 мақала, ғылыми басылымдарда жарияланған, ғылыми басылымдар тізіміне енгізілген (кем дегенде, 1 мақала 1-ші семестрде, 2-ші мақала 2-ші семестрде жариялануы тиіс); 1 монография немесе 1 оқу құралы.	0,25 жүктеме – ҒЗЖ үшін жылдық жүктемеден, * 1 жүктеменің үстіне қосымша.
қауымдастырылған профессор-зерттеуші	Үміткер жетекші оқытушы немесе қауымдастырылған профессор лауазымын атқаруы тиіс; Соңғы 5 жылда халықаралық рецензияланатын журналда жарияланған 1 мақаланың бірінші немесе екінші авторы болуы керек, процентиль 35; Соңғы 5 жылда ғылыми басылымдар тізіміне енгізілген 5 мақаласы болуы тиіс.	1 мақала, халықаралық рецензияланатын журналға қабылданған, процентиль 35, бірінші автор немесе корреспондент авторы; 2 мақала, ғылыми басылымдарға қабылданған, ғылыми басылымдар тізіміне енгізілген; Мемлекеттік гранттық қаржыландыруға конкурсқа өтінім беру.	0,5 жүктеме – ҒЗЖ үшін жылдық жүктемеден * жалпы жүктеме көлемі – 1 жүктемеден аспауы тиіс.
профессор-зерттеуші	Үміткер қауымдастырылған	1 мақала, халықаралық	0,75 жүктеме – ҒЗЖ үшін жылдық

	Қазақстан–Американдық еркін университеті ҚАЕУ-дің ПОҚ лауазымдарын конкурстық тағайындау ережелері 11 беттен 10 бет	Күні 13.05.2026 ж. СІҚЖ Редакция 3
---	---	--

	профессор, профессор лауазымын атқаруы тиіс және/немесе уәкілетті орган тарапынан доцент, қауымдастырылған профессор (доцент), профессор ғылыми атағын алуы тиіс; Соңғы 5 жылда халықаралық рецензияланатын журналда жарияланған 1 мақаланың бірінші авторы немесе корреспондент авторы болуы керек, процентиль 35; Соңғы 5 жылда ғылыми басылымдар тізіміне енгізілген 5 мақаласы болуы тиіс; ҒЖБМ ҚР гранттық қаржыландыруы аясында белсенді жобасы болуы тиіс, жобаның жетекшісі ретінде.	рецензияланатын журналға қабылданған, процентиль 35, бірінші автор немесе корреспондент авторы; 3 мақала, ғылыми басылымдарға қабылданған, ғылыми басылымдар тізіміне енгізілген; Мемлекеттік гранттық қаржыландыруға конкурсқа өтінім беру.	жүктемеден *жалпы жүктеме көлемі – 1 жүктемеден аспауы тиіс.
--	--	---	---

	Қазақстан–Американдық еркін университеті	Күні 13.05.2026 ж.
	ҚАЕУ-дің ПОҚ лауазымдарын конкурстық тағайындау ережелері 11 беттен 11 бет	СІҚЖ Редакция 3

ҚАЕУ-ДІҢ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ ЛАУАЗЫМДАРЫН КОНКУРСТЫҚ ТАҒАЙЫНДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ақпараттық басылым

© Қазақстан-Американдық
еркін университеті, 2026

070018, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 76
тел. (7232) 50-50-10, 50-50-15
АҚШ-тағы офис: 44490 SE Phelps Rd., Sandy, OR
e-mail: kafu_ukg@mail.ru
web: www.kafu